

2026 жылғы 27 сәуір

## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

### **ВСС Invest инвестициялық компаниясы қазақстандық менеджер ретінде Kaspi.kz еурооблигацияларын қайта орналастыруға қатысты**

Еліміздің жетекші инвестициялық компанияларының бірі биылғы жылдың сәуір айында Citigroup және J.P.Morgan компанияларымен бірлесіп, Kaspi.kz компаниясының долларлық еурооблигацияларын орналастыруда жергілікті менеджер ретінде қызмет атқарды.

Еурооблигациялар 144A/Regulation ережелері аясында орналастырылды. Шығарылым көлемі 600 миллион АҚШ долларын құрады, айналыс мерзімі – бес жыл (2031 жылға дейін), купондық мөлшерлеме – жылдық 5,90%. Мәміле институционалдық инвесторлар тарапынан жоғары қызығушылық тудырып, кәсіби инвестициялық қоғамдастықтың кең ауқымды қатысушыларын біріктірді.

Бұл мәміле ВСС Invest компаниясының Kaspi.kz еурооблигацияларын халықаралық нарықта орналастыруға қатарынан екінші рет қатысуы болды.

*«2025 жылы біз көлемі 650 миллион АҚШ долларын құрайтын, айналыс мерзімі бес жыл болатын Kaspi.kz еурооблигацияларын орналастыруда жергілікті менеджер ретінде қызмет атқардық. Бұл шығарылым мәміле жасалған сәтте Қазақстандағы мемлекеттік емес эмитенттердің арасында инвестициялық рейтингке ие облигациялар бойынша көлемі жағынан маңызды орналастырудың бірі болды», — деп атап өтті ВСС Invest Басқарма Төрағасының орынбасары Әлібек Оразақов.*

ВСС Invest компаниясының қатарынан екінші мәмілеге қатысуы оның халықаралық капитал нарықтарындағы белсенділігін және қазақстандық эмитенттермен сыртқы нарықтарда қаржы тарту кезінде өзара іс-қимылын көрсетеді.

Осы шығарылым аясында тартылған қаражатты жалпы корпоративтік мақсаттарға бағыттау жоспарланып отыр.

### **Компания туралы**

ВСС Invest инвестициялық компаниясы Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында 1998 жылдан бері қызмет атқарып келеді және ол брокерлік қызмет көрсету, активтерді, оның ішінде зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару,

қаржылық консалтинг, бағалы қағаздар андеррайтингі қызметтерін көрсетеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша инвестициялық компаниялар арасында таза пайда көлемі бойынша ТОП 1, активтер көлемі бойынша ТОП 2, ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша сенімгерлік басқарудағы активтер көлемі бойынша нарық көшбасшысы.

BCC Invest — ЦентрКредит Банкінің еншілес ұйымы.

ҚР ҰБ бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берген 10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензиясы.

**БАҚ-пен байланысатын тұлға:**

Талита Жұматаева, тел. +7 701 100 36 83  
e-mail: [tzhumatayeva@bcc-invest.kz](mailto:tzhumatayeva@bcc-invest.kz)